




# Ұшу кезіндегі ауа-райы




**«Апат айтып келмейді»**  
**Қолайсыз ауа-райына**  
**байланысты апатқа ұшыраған**  
**ұшақтар:**



**Кейінгі сегіз жылда ауа-райының  
салдарынан болған өуе көліктері  
апатынан Қазақстан  
Республикасында  
62 адам қаза тапты.**



A photograph of a crashed airplane, likely an AN-2, in a snowy, wooded area. The aircraft is partially buried in snow, with its tail section visible. The background shows a dense forest of trees under a grey, overcast sky.

Жамбыл облысы Шу ауданында құлаған АН-2 ұшағында 8 адам болған. Біздің ақпарат көздеріміздің айтуынша, 7 адам қайтыс болып, 1 әйел адам Шу аудандық ауруханасына жедел жәрдеммен әкетілген.

Ұшақ құлаған маңда қалың тұман болған, ештеңе көрінбейді. Редакциямызға алғаш хабар берген азаматтардың айтуынша, оқиға орнында қалың тұман басқан. Қараңғылық тұмшаланған жерде көп нәрсе анық көрінбейді дейді. Ұшақ құлаған жерде қайтыс болған адамдардың киімдері ғана қалған көрінеді.

20.01.15, 20:15




**2013 жылы 25 желтоқсанда Астанада Шымкентке бет алған ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) шекара қызметінің Ан-72 ұшағы қатты желдің әсерінен құлап, 27 адам қаза тапты.**



**2013 жылы 29 қаңтарда Алматы маңында SCAT авиакомпаниясының жолаушылар ұшағы қалың тұманның әсерінен қона алмай апатқа ұшырады, 21 адам қаза тапты.**





**2013ж 24 қараша күні «Ресей-Астана Ми-8» тікұшағының апаты 8 адамның өмірін жалмады. Апат қатты желдің салдарынан болды..**



**2014ж 22 тамызда оқу-жаттығу барысында Астана әуежайына жақын маңда Ми-17 тікұшағы апатқа ұшырап, салдарынан 7 адам қаза болды.**





**25.12.2012ж Оңтүстік Қазақстан облысында әскери ұшақ апатқа ұшырады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне тиесілі Ан-72 маркалы әуе көлігі Шымкенттен 20 шақырым жерде құлаған. Ұшақ бортында болған 20 шекарашы мен экипаждың жеті мүшесі түгел қаза тапты. Марқұмдардың көбі Шекара қызметінің басшылары. Апат себептері ауа-райының ұшуға қолайсыздығы дейді сарапшылар.**



2013 жылы 29 қаңтарда Алматы түбіндегі әуе апаты Алматы маңында **SCAT** әуекомпаниясының Көкшетау-Алматы бағытындағы Bombardier CRJ 200LR ұшағы құлап, 21 адам мерт болды. Соның 15-сі ересек жолаушы, біреуі - сәби, ал бесеуі экипаж мүшесі болған



1996 жылы 12 қарашада Нью Делиде Ил-76 мен Боенг-747 соғысып, нәтижесінде 349 адам қайтыс болыпты. Азаматтық авиация саласында бұл адам өлімі жөнінен төртінші орында тұр. (Бірінші орында 9/11/2011 оқиғасы). Қазақстандық екінші ауыр апат 1980 жылы Алматы әуежайында болған екен. Шілденің 7-нен 8-іне қараған түні аспанға енді көтерілген Ту-154 ұшағы қайғылы жағдайға тап болып, әуе кемесі ішіндегі бүкіл жолаушы экипажымен бірге мерт кетті. Бұдан бөлек бірнеше апат болған екен елімізде. Ең соңғы есте қалғаны СКАТ-тың құлауы шығар.

Елімізде енді мұндай апаттың бетін аулақ қылсын!